

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 15 шілде N 980

1999 жылғы шілдеде Алматы облысында болған табиғи зілзаланың зардабын жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Алматы облысында болған сел тасқынына байланысты төтенше

оқиғалардың салдарын жою, сондай-ақ зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасы Төтенше оқиғалар жөніндегі агенттігіне 10 (он) млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.